

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/DFDR9992>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анессова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/FTLH5270>

**\*А. А. Кобланова<sup>1</sup>, П. А. Алтынбаева<sup>2</sup>, Г. Ж. Анесова<sup>3</sup>**

<sup>1,2</sup>Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.;

<sup>3</sup>Қалижан Бекхожин атындағы ЖОББМ,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

## **АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУДА SLIL ӘДІСІН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*«Білімді дамыту үшін жаңа ұғым, жаңа үлгі, жаңа тәсілдер қажет», – деп Ж. Аймауытов айтқандай кіріктіре оқытудың нәтижесінде әдіс-тәсілдердің жетілдіре түскендігін байқадық. Ағылшын тілін оқыту пәнінің арасындағы ортақ тақырыптарды ынтымақтаса оқудың тиімді әдіс-тәсілдеріне бағыт беру мақсатында сыныптың деңгейіне сай тапсырмаларды дайындалды, сабақта тірек сөздермен жұмыс жасалды, айтылым, жазылым, тыңдалым және оқылым дағдылары дамытылды, белсенді оқу әдістері қолданылды. Өзара ынтымақтастық мұғалімдердің кәсіби дамуына жағдай жасайды. Өткізілген сабақтар бойынша талдау жасалып, сәтті – сәтсіз тұстары туралы айтылды. Тілдік кіріктіріп оқыту дәстүрлі оқытудағы бас тартып басқа пән бойынша ақпарат алмасуға көмектесті. Кіріктірілген сабақ арқылы жаңа технологияның әдіс – тәсілдерін меңгерді. Жоғары оқу орындарында, әсіресе техникалық мақсатты түрде ESL тілін оқыту өте қиын. Филолог мамандығын меңгерген ағылшын тілі мұғалімдері үшін кейде жаңа тілді де, жаңа пәнді де қатар оқыту қиын болып көрінеді. Бірақ ағылшын тілі мұғалімі оқу тапсырмаларымен күресуге, оқушыларды техникалық контекст лексикасымен таныстыруға дайын болуы керек. Біздің елімізде жастардың көпшілігі ағылшын тілін белсенді түрде оқиды.*

*Кілтті сөздер: технология, кіріктірілген сабақ, дағды, мәдениет, термин.*

## **Кіріспе**

Ағылшын тілін білу еңбек нарығындағы маманның бәсекеге қабілеттілікті арттырады және осылайша халықаралық қатынасқа ықпал етене білеміз. Қазіргі кезде қазақстандық білім беру және ғылыми ұйымдардың әлемдік қоғамдастыққа интеграциялануы процесінде ағылшын тілінің рөлі елеулі түрде артып келеді. Осыған байланысты оқу бағдарламасын, оның ішінде зерттеуші ғалымдарды барынша тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін шет тілін оқытудың заманауи нысандары мен әдістерін қолдану қажеттілігі туындайды.

CLIL дегеніміз – бұл мазмұн мен тілді кіріктіріп оқыту деп қарастырылады. CLIL-де оқытылатын оқу пәндері өнер, тіл, классика, дизайн және технология (DT), экономика, қоршаған ортаны қорғау, география, тарих, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ), сауат ашу, математика, музыка, дене шынықтыру (PE), философияны қамтиды, саясаттану, дінтану (RE), ғылым, әлеуметтік ғылым және технология.

Пән мазмұны туралы идеяларды білдіру және оқушылардың бірлесіп жұмыс істеуіне көмектесу үшін оқушылар коммуникациялық дағдыларды дамытуы керек. Олардың функциялары (фактілер, деректер, ойлар және сезімдер) жазбаша да, ауызша да білдіруі және түсіндіруі керек. Қарым-қатынас дағдылары маңызды. Сондықтан CLIL STT (студенттің сөйлесу уақыты) және TTT (мұғалімнің сөйлесу уақыты) қысқартылуына бағытталған. CLIL сабағы барлық төрт тілдік дағдыларды біріктіруі керек. Дағдылар келесідей көрінеді: Тыңдалым – тілді үйрену үшін қажетті қалыпты енгізу әрекеті. Оқылым – мағыналы материалмен оқу, ақпараттың негізгі көзі [1]. Сөйлесім – еркін сөйлеуге бағытталған. Дәлдік екінші дәрежелі болып саналады Жазылым – бұл грамматикада өңделетін лексикалық әрекеттер тізбегі.

**Зерттеудің нысаны:** CLIL әдістемесі қарастыру.

**Зерттеудің пәні:** CLIL әдістемесін практикада қолданып, оқушылардың меңгеруін көрсетті қашықтықтан оқыту жүйесінде платформаларды қолданудың тиімділігін қалыптастыру.

**Мақсаты:** тіл нақты коммуникациялық мәселелерді шешу үшін қолдануына сай оқушылардың ағылшын тілін меңгеру мотивациясын арттыру.

**Міндеттері:** CLIL әдістемесін әзірлеу.

CLIL әдістемесін оқыту құралы ретінде қарауға болады. CLIL әдістемесін қолданудың арттықшылықтары:

- 1 Оқушылар тілдік материалды толық меңгереді;
- 2 Тілдік қорды толықтыратын пәндік спецификалық терминдерді білуге көмектеседі;

3 Тілдік кіріктіріп оқыту дәстүрлі оқытудағы бас тартып басқа пән бойынша ақпарат алмасуға көмектеседі;

CLIL – әдістемесін қолдана отырып сабақты жоспарлаған да оқушылардың жас ерекшеліктерін, тілдің - пәндік деңгейін ескердім [2].

Еуропа елдерінде 1990 жылдан бастап көптілді дамыту мақсатынды CLIL әдістемесін қолдана бастады. CLIL мазмұн мен тілді біріктіріп оқыту, яғни шет тілі мен басқа академиялық пәндерді біріктіру дегенді білдіреді. Еуропалық елдерде CLIL әдісінің төрт негізгі аспект анықталған 4С:

CONTENT (Мазмұн) – бұл пән саласындағы ілгері басатын білімдер, біліктер мен дағдылар;

COMMUNICATION (Қатынас) – бұл оқытуда шет тілін пайдалану біліктері;

COGNITION (Таным) – бұл жалпы түсінікті қалыптастыратын (нақты және абстрактілі) танымдық және ойлау қабілеттерін дамыту;

CULTURE (Мәдениет) – бұл өзін мәдениеттің бір бөлігі ретінде ұғыну, сонымен қатар балама мәдениеттерді қабылдау.

Осындай әдістердің мектептерде және басқа да салалардағы студенттердің және оқушылардың қажетті құзыреттерін қалыптастыруға ықпал ете алатын CLIL (Content and Language Integrated Learning – CLIL) технологиясы болып табылады.

Оқытудағы кіріктірілген пәндік-тілдік тәсіл – CLIL деп аталады. Ол пәнді шет тілдері арқылы меңгерудің оқыту әдісін сипаттау үшін қолданылады, оның негізгі мақсаты - пәнді меңгеру және шет тілі бойынша тілдік дағдыларды жетілдіру. CLIL материалдық мазмұн мен тіл үйрену арасындағы теңгерімді талап етеді, онда тіл мазмұнды оқыту құралы ретінде пайдаланылады, ал мазмұн, өз кезегінде, тіл үйрену үшін ресурс ретінде қолданылады [3].

### **Материалдар мен әдістер**

CLIL – бұл, пән мен ағылшын тілінің үйлесімі болып табылады. студенттер шет тілін, біздің жағдайда ағылшын тілін үйрену арқылы пәнді үйренеді. Бұл жағдайда оқытушылар ретінде пән оқытушылары немесе ағылшын тілі оқытушылары жұмыс істей алады. CLIL – бұл әртүрлі оқу модельдерін сипаттау үшін қолданылатын термин. «Soft»-тан «Hard»-қа дейін. Қазіргі кезде біз «Hard» – «қиын» жолды таңдап отырмыз, яғни сабақтың бір бөлігі ағылшын тілінде болуы керек. Ең дұрысы, ағылшын тілінде кемінде 50 % сабақ беру керек. Барлығын ағылшын тілде айту міндетті емес. Дегенмен, CLIL сабақтарында ең маңыздысы – ол, нақты материалды тілмен байланыстыру. Осылайша, оқушылар материал бойынша жай ғана нақты сұрақтарға жауап бере отырып, жаңа материалмен қоса тілдің лексикасы мен грамматикасын табиғи түрде үйренеді. CLIL-ды қолдану

арқылы мұғалім 4С секілді сәттерді ескеру керек. Осының барлығы білім берудің жаңартылған мазмұнында байқалады, жаңартылған бағдарлама немесе CLIL бойынша сабақ жоспарын құрастырудың да ұқсас құрылымы бар. CLIL әдіснамасына сәйкес, CLIL терминін (Content and Language Integrated Learning) Д. Марш енгізді, оның келесі анықтамасы берілді [4]: «Пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту кез-келген екі пәндік білім мәнмәтініне бағытталған, онда оқыту тілі ретінде қолданылатын қосымша тіл, яғни негізгі емес/шет тілінде оқытудың курсы жүргізіледі».

### **Нәтижелер және талқылау**

CLIL әдістемесінің позитивті жақтары: мәдениетаралық білімнің қалыптасуы; оқушыларды мәдениетаралық ақпарат алмасу дағдыларының дамуы; тілдік күзінеттіліктің дамуы; түрлі көзқарас тұрғысынан пәннің мүмкіндіктері; оқушылардың пәндік және тілдік сенімділігінің артуы.

Бүгін кез келген мұғалім қайда жұмыс жасайтынына, қандай пәнді жүргізетініне қарамастан, ол интерактивті технологияларды пайдалану саласында құзыретті болуы қажет

Ақпарат деген сөздің мағынасы түсіндіру, мазмұндау.

Ақпараттың түрлері:

- 1) Интерактивті тақта;
- 2) Мультимедия;
- 3) Интернет кеңістігі;
- 4) Электрондық оқулық;

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен зияткерлік қабілетін арттыру үшін кіріктірілген сабақтың маңызы зор деп ойлаймын [5].

Қазіргі кезде кіріктірілген сабақты ұйымдастыру мұғалімдердің зерттеулерінің бірі деуге болады.

Кіріктірілген пәндерді беру әдістемесін ұйымдастыру төмендегідей мақсаттарды қамтиды:

- Ағылшын тілі мен информатика пәндерінің арасындағы ортақ тақырыптарды ынтымақтаса оқудың тиімді әдіс -тәсілдеріне бағыт беру;

- Кіріктірілген сабақтардаға оқытудың тиімді әдіс -тәсілдеріне инновациялық білім беру тәжірибесіне үлес қосу;

- Кіріктірілген сабақ беру кезінде пән мұғалімдері мынадай сұрақтарға жауап бере алатындай болу керек:

- пән мен тілді кіріктіріп оқыту кезінде сабақ мақсаттарын қалай анықтап қарауға болады?

- пән мен тілді кіріктіріп оқыту арқылы оқушылардың ағылшын тілі пәнің оқуына қалай қолдау көрсетуге болады?

- тілдік ортаға енудің қолайлы ұйымдастырудың жолдары қандай?

командалық оқытуда екі пән мұғалімі сабақтың бөлімдеріндегі әрекеттерді қалай бөліп алғаны дұрыс деп ойлайсыздар?

- информатика пәнінде сауатты жазылым түрлерін қалай ұйымдастырған тиімді?

- информатика сабағында терминдерді түсіну үшін қандай әдістерді қолданған жөн деп ойлайсыздар?

1 – қосымша. Мұғалімдерден алынған сауалнаманың нәтижесін диаграммадан көруге болады.

Информатика сабағында CLIL әдісінің көмегімен оқыту әдістемесі:

Әдістері: «Quizlet», «GoFormative», «Polleverywhere», «LearningApps com», «Plickers» [6].

Оқу процесін тұтастай қамту, тұтас пән деңгейінде ұйымдастыру үшін Smart технологияларды пайдалану қолайлы болмақ. Мысалы: «Quizlet», «GoFormative», «Polleverywhere», «LearningApps com», «Plickers» quizziz, kahoot, project жобасын құру секілді технологияларды атап етуге болады. Информатика сабағында терминдерді жоғарыда көрсетілген бағдарламаға енгізіп салу арқылы сабақты түрлендіріп өткізуге мүмкіндік береді. Бұл смарт технологиялардың артықшылығы: түрлі сағаттағы ақыл-ой қызметін қажет ететін жұмыстарды арнайы тәсілдер көмегімен орындауға ықпал жасайды. LearningApps.org сайтымен жұмыс жасау арқылы оқушылардың есте сақтау және сынды дағдыларды қалыптастыра аламыз. Информатика сабақтарында терминдерді оқушыларға түсіндіру барысында медиа, суреттер мен шаблондарға енгізуге болады. Бұл бағдарламалар әр қилы форматта, әр түрлі формада ұсынуға жағдай жасалынған. Мысалы: пазлдарды құрастыру, интеллектуалды ойындар, карточкалар мен ребустар, т.б. жүзден аса тапсырмалар жинақталған. LearningApps.org – тапсырма құрастырудың бірнеше жолын көрсетуге болады [7].

«Карточка» – сұрақнамалық екі нұсқадағы үш деңгейлік тапсырмалардан тұрады. «Карточка» мұғалімдер үшін ыңғайлы және пайдалы. Карточка оқушылардың жеке жұмыс жасауына көмектеседі. Екіншіден, оқушылар үшін қажетті құрал болып табылады. Үшіншіден, оқушыларға деңгейі бойынша тапсырмалар бере аламыз.

Визиттік карточка – жеке тұлғаға байланысты қысқаша жазылған мәлімет.

Learningapps.org – интерактивті модульдер көмегімен оқытуға арналған бірегей платформа. Құралдардың кең таңдауы: классификация, хронологиялық кесте, суреттерді сұрыптау, викториналар, пазлдар, аудио-бейне контент, сөзжұмбақ, карталармен жұмыс және басқалары сабаққа әртүрлілік пен креативтілікті қосады. Бұнда интербелсенді тренажерлерді

тексеру автоматты түрде жүзеге асырылады, бұл оқытушылардың қызметін айтарлықтай жеңілдетеді.

«Kahoot» – сурет, видео, карточка немесе тест тапсырмаларын құрастыруға арналған бағдарлама.

Оқушылар әртүрлі тапсырмаларды өз бетімен орындай алады. Оқушылардың жетістіктерін бақылай аламыз. Сабақты қызықты өткізуге мүмкіндік береді.

Kahoot – бұл жаңа білімдерді меңгеруге арналған үйлесімді ойын платформасы. Оқытушы kahoot.com сайтында онлайн-сауалнама жүргізеді, білім алушылар жеке кодты пайдалана отырып қатысады. Ойындар меңгерілмеген материалды анықтауға ғана емес, сонымен бірге рейтингтік бәсекелестік оқыту ортасын құруға мүмкіндік береді. Бұл ресурс сабақта барлық білім алушыларды бағалау процесіне қатыстыру мүмкіндігі болмаған жағдайда қолданылады. Білім алушы кез-келген ыңғайлы уақытта тестілеуден, сауалнамадан өте алады [8].

Кіріктірілген сабақты өткізгеннен кейін ретроспективті және перспективті рефлексия беріліп, нәтижесі талқыланды. Талқылау барысында сабақтың ұйымдастырылудың (Ағылшын тілі және информатика мұғалімдерінің) оқыту әдістемесін сәтті-сәтсіз тұстары мен оқушылардың пәндік, тілдік дағдыларын игеру әрекеті және ұсынылған тапсырмаларды орындау бағыты әдістемелік тұрғыдан талданып, келесі сабақтарда алдыңғы сабақта анықталған кемшіліктер қайтанланбауы ескерілді. Бір сабақтан келесі сабаққа өткен сайын жүргізілген жұмыстар нәтижесінде кіріктірілген сабақтың нәтижесінде әдіс-тәсілдер түрлендіріп отырды. Сабаққа қатысқан мұғалімдер мен оқушылардың кері байланыс нәтижесінде, олардың пікірлері қаралғанның және талданғанның нәтижесінде жетістікке жетті деп ойлаймын.

Кіріктірілген сабақтарды беру кезіндегі келесі қағидалар анықтауға болады:

1 Тақырып бойынша екі пәннің оқу мақсаттарының бір-біріне сәйкес келуі маңызды;

2. Кіріктірілген сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдердің кластың деңгейіне сәйкес болуы керек;

3 Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артты;

4 Әр тапсырмалардың жетістігі критерийлерге сәйкес құрылып, бағалануы тиіс;

Рональд Де Грот деңгейлік оқытудың үш түрлі деңгейін атап көрсетеді:

1 – шағын деңгей, бұл сынып ішіндегі әртүрлі топтардың арасындағы қарым – қатынас. Бұл деңгейді ішкі саралау деп атайды.

2 – мезодеңгей, мектептің деңгейінде, бірнеше кластар арасында кәсіби байланыстардың орын алуы [9].



3 – макродеңгей, әртүрлі деңгейдегі мектептер арасындағы саралау.

Сонымен қатар оқушыларға түрлі деңгейлік тапсырмалар берілді.

Оқушыларға сұрақ жазуға стикерлер таратылып, мұғалім сұрақтар жазылған стикерлерді жинап алып, оқушылардың өзіне қояды.

Жай сұрақтар «С» деңгейдегі оқушылар үшін, орташа деңгейлі сұрақтар «В» деңгейдегі оқушылар үшін, күрделі деңгейлі сұрақтар «А» деңгейдегі оқушылар үшін қойылды. Деңгейлік тапсырмаларды орындау арқылы оқушылар өздігінен ізденіп, өздерінің ойларын ашық айта білді [10]. Сонымен қатар оқушылар қорытынды жасауды үйренді. Тапсырманы орындау арқылы оқушылар критерейлерге сәйкес өзін – өзі де бағалай алуға үйренді.

### **Қорытынды**

Қорыта келе, инновациялық технологияларды қолдану арқылы коммуникацияның әртүрлерін енгізу арқылы, оқушылардың шығармашылық қабілеттерің арттырумен қатар ғылыми потенциалының өркендеуіне, қазір заманға әлеуметті тілдік тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді. Ағылшын тілі мен информатика пәндерінің арасындағы ортақ тақырыптарды ынтымақтаса оқудың тиімді әдіс-тәсілдеріне бағыт беру мақсатында сыныптың деңгейіне сай тапсырмаларды дайындалды, сабақта тірек сөздермен жұмыс жасалды, айтылым, жазылым, тыңдалым және оқылым дағдылары дамытылды, белсенді оқу әдістері қолданылды. Өзара ынтымақтастық мұғалімдердің кәсіби дамуына жағдай жасайды. Өткізілген сабақтар бойынша талдау жасалып, сәтті - сәтсіз тұстары туралы айтылды. Тілдік кіріктіріп оқыту дәстүрлі оқытудағы бас тартып басқа пән бойынша ақпарат алмасуға көмектесті. Кіріктірілген сабақ арқылы жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін меңгерді. Оқу үдерісін саралап ұйымдастыру барысында оқушылардың шығармашылық ойлауы жетілдіреді. Оқушылардың кіріктірілген сабақ бойынша жеке қажеттілігін ескеріліп, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен мүмкіндігі артты деп ойлаймын.

### **Пайдаланған деректер тізімі**

1 **Бим, И. Л.** Понятие системы обучения иностранному языку на разных уровнях рассмотрения // Иностранные языки в школе. – № 2. 1975. – 22–35 с.

2 **Елчиева, С. Н.** Формирование нравственной культуры студентов в процессе обучения иностранным языкам в неязыковом вузе. Дисс. ... канд. пед. наук. – Шымкент, 2004.

3 **Byram, M.** Teaching and assessing intercultural communicative competence. – Clevedon, 2014.

4 Cambridge International Dictionary of English. – Cambridge University Press, 1995.

5 Content and Language Integrated Learning (CLIL) at School in Europe. Eurydice. The information network on education in Europe [Electronic resource]. – Mode of access: <http://www.eurydice.org>.2006

6 **Лалетина, Т. А.** Интегрированный подход и использование предметно-языковой интеграции при обучении иностранному языку/Т. А. Лалетина. [Электронный ресурс] – Режим доступа: <http://elib.sfu-kras.ru/handle/2311/8574>

7 **Mehisto, P., Marsh D., Frigols, M. J.** Uncovering CLIL. Content and Language Integrated Learning in Bilingual and Multilingual Education. Macmillan Books for Teachers. – Macmillan Education. 2008.

8 **Maljers, A., Marsh, D., Coyle, D., Hartiala, A. K., Marsland, B., Pérez-Vidal, C., Wolff, D.** The CLIL Compendium. 2002. [Electronic resource]. – Access mode: <http://www.clilcompendium.com>

9 **Coyle, D.** Content and Language Integrated Learning Motivating Learners and Teachers [Electronic resource]. – Access mode: <http://blocs.xtec.cat/clilpractiques1/files/2008/11/slrcoyle.pdf>

10. **Костомаров, В. Г.** Язык в отношении к культуре и цивилизации. Санкт-Петербург, Май, 22–23, 2003. – С. 17–22.

## References

1 **Bim, I. L.** Ponyatie sistemy obucheniya inostrannomu yazyku na raznyh urovnyah rassmotreniya [The concept of a foreign language teaching system at different levels of consideration]. In *Inostrannye yazyki v shkole.* – № 2. – 1975. – 22–35 p.

2 **Elchieva, S. N.** Formirovanie нравstvennoj kul'tury studentov v processe obucheniya inostrannym yazykam v neyazykovom vuze. [Formation of the moral culture of students in the process of teaching foreign languages in a non-linguistic university] Diss. ... kand. ped.nauk. – Shymkent, 2004.

3 **Byram, M.** Teaching and assessing intercultural communicative competence. [in English] Clevedon, 2014.

4 Cambridge International Dictionary of English [in English]. – Cambridge University Press, 1995.

5 Content and Language Integrated Learning (CLIL) at School in Europe. Eurydice. The information network on education in Europe [in English] [Electronic resource]. – Mode of access: <http://www.eurydice.org>.2006.

6 **Laletina, T. A.** Integrirovannyj podhod i ispol'zovanie predmetno-yazykovoj integracii pri obuchenii inostrannomu yazyku [An integrated approach and the use of subject-language integration in teaching a foreign language] /

Т. А. Laletina. - [Electronic resource]. – Access mode: <http://elib.sfu-kras.ru/handle/2311/8574>

7 **Mehisto, P., Marsh, D., Frigols, M. J.** Uncovering CLIL. Content and Language Integrated Learning in Bilingual and Multilingual Education. Macmillan Books for Teachers [in English]. – Macmillan Education, 2008

8 **Maljers, A., Marsh, D., Coyle, D., Hartiala, A. K., Marsland, B., Pérez-Vidal, C., Wolff, D.** The CLIL Compendium. [in English]. - 2002. [Electronic resource]. – Access mode: <http://elib.sfu-kras.ru/handle/2311/8574>,

9 **Coyle, D.** Content and Language Integrated Learning Motivating Learners and Teachers [in English]. [Electronic resource]. – Access mode: <http://blocs.xtec.cat/clilpratiques1/files/2008/11/slrcoyle.pdf>

10 **Kostomarov, V. G.** Yazyk v otnoshenii k kul'ture i civilizacii. [Language in relation to culture and civilization] St-Peterburg, May, 22–23, 2003 – P. 17 – 22.

Материал 11.03.22 баспаға түсті.

\*А. А. Кобланова<sup>1</sup>, П. А. Алтынбаева<sup>2</sup>, Г. Ж. Анесова<sup>3</sup>

<sup>1,2</sup>Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Республика Казахстан, г. Актөбе;

<sup>3</sup>СОШ имени К. Бекхожина, Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 11.03.22.

## ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ МЕТОДА CLIL В ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ

*«Развитие знаний требует новой концепции, новой модели, новых подходов», – утверждал Ж. Аймаутов. В результате комплексного обучения методика улучшилась. Чтобы сосредоточиться на эффективных методах обучения в сотрудничестве с общими темами между английским языком и информатикой, были подготовлены задания в соответствии с уровнем класса, на уроке использовались ключевые слова, развивались навыки говорения, письма, аудирования и чтения, активно использовались методы обучения. Уроки анализировались и были обсуждены успехи и неудачи. Интегрированное изучение языка помогло перейти от традиционного обучения к обмену информацией по другому предмету. Изучались методы новых технологий через интегрированные уроки. Преподавание ESL в высших учебных заведениях, особенно с технической целью, очень сложно. Преподавателям английского языка, которые являются*

*филологами, иногда кажется сложным преподавать и новый язык, и новый предмет одновременно. Но преподаватель английского языка должен быть готов решать задачи по чтению, знакомить студентов лексикой технического контекста. В нашей стране большая часть молодежи активно изучает английский язык.*

*Ключевые слова: технология, интегрированный урок, навыки, культура, термин.*

\*A. A. Koblanova<sup>1</sup>, P. A. Altynbayqyzy<sup>2</sup>, G. Zh. Anessova<sup>3</sup>

<sup>1,2</sup>К. Zhubanov Aktobe Regional University,  
Republic of Kazakhstan, Aktobe;

<sup>3</sup>Secondary school named after K. Bekkhodzhin,  
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 11.03.22.

## **PECULARITIES OF CLIL USE IN TEACHING ENGLISH LANGUAGE**

*Zh. Aimautov cited: «Expansion of knowledge requires a new concept, a new model, and new approaches», The result of the comprehensive learning methodology has improved. In order to concern on effective learning methods in collaboration with ordinary themes between English and Computer studies, the tasks were prepared according to class level, and also keywords were used on the lesson, speaking, writing, listening and reading skills were developed, active methods were used to the point. Lessons were analyzed and their success and failures were discussed too. Integrated language learning helped to proceed from traditional learning to sharing information by other subjects. New technology techniques were studied through integrated lessons. Teaching ESL in higher education, especially for a technical purpose, is very difficult. English teachers who are philologists sometimes find it difficult to teach both a new language and a new subject at the same time. But an English teacher should be ready to solve reading problems, introduce students to the vocabulary of a technical context. In our country, most of the young people are actively studying English.*

*Keywords: technology, integrated lesson, skill, culture, term.*

Теруге 11.03.2022 ж. жіберілді. Басуға 31.03.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,76 МБ RAM

Шартты баспа табағы 14,27. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3880

Сдано в набор 11.03.2022 г. Подписано в печать 31.03.2022 г.

Электронное издание

2,76 МБ RAM

Усл. печ. л. 14,27. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3880

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)